

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Қаракөл бастауыш мектебі КММ

Бұйрық № 31

30 қазан 2023жыл

«Мектептің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру туралы»

1.27қазандағы 2023 жылдың №2 педагогикалық кеңес отырысының шешімі негізінде 2022-2023 оқу жылында өзін-өзі бағалау ұйымдастырылсын.

2.Төмендегі мектептің мұғалімдерінен өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия құрамы жасақталсын.

1.)Бюрина Ақсұлу Хайроллақызы (мектеп меңгерушісі)-комиссия төрайымы.

2).ЕгізоваЖаңылдық Далабайқызы(бастауыш сынып мұғалімі)-комиссия мүшесі

3.Батырханқызы Анар-(мектеп тәрбиешісі)-комиссия мүшесі

3.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп меңгерушісі: *А.Х.Бюрина* А.Х.Бюрина



Мектеп жаңа оқу жылында 11 оқушымен бастап оқыды.Класс кабинеттер саны-3.Мектепте барлығы 4- компьютер,5- ноутбук бар.Ғаламтор желісі қосылған.Жылу жүйесі: қатты отынмен қамтамасыз етілген,жылыту батареикалар арқылы жылытылады.

Кітап қоры: 1724 ,оның ішінде мектеп оқулықтары-877,көркем әдебиет 847,электрондық оқулықтар-18.

**Педагогтардың біліктілік санаттары бойынша**

Мектеп бойынша кадрлар құрамы тұрақты.Мектептегі 3 педагогтың екеуі жоғары білімді,біреуі –арнаулы орта білімді. 1- сарапшы 1- модератор,1- педагог жұмыс жасайды.

**Педагогикалық кадр бойынша салыстырмалы кесте.**

	2021-2022	2022-2023
<b>Білім деңгейі бойынша.</b>		
барлығы	2	3
жоғары	2	2
Арнаулы орта		1
<b>Біліктілік санаттары бойынша</b>		
сарапшы	1	1
модератор	1	1
педагог		1
<b>Еңбек өтілі бойынша</b>		
3 жылдан төмен		1
3 жыл мен 8 жылға дейін	1	1
20 жылдан жоғары	1	1

### Оқу-әдістемелік жұмыстар.

Білім беру ұйымындағы әдістемелік жұмыс әр мұғалімнің кәсіби өсуге, шәкірттерінің саналы тәрбиемен сапалы білім алуын қамтамасыз етуге бағыттталатыны заңдылық. Өзгермелі қоғамда жаңа формациядағы мұғалімнің қалыптасып, оның көпмәдениетті, толерантты, өз елінің патриоты болатын тұлға қалыптастыруға ұмтылатыны сөзсіз. Осындай игі істерді атқаруда әр білім ошағы өз алдына мәселелер алып, жұмыс жоспарын жасайды.

### Білім беру және қайта даярлау курстарынан өту

Оқу жылдары	барлығы	базалық	деңгейлік
2020-2021	2	2	--
2021-2022	-	-	-
2022-2023	2	2	-

## Мектепке жалпы сипаттама

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы

Ойыл ауданы Қаракөл ауылы

Абай көшесі №10 үй.

Телефон 8-71-32-73-7-16

Электрондық поштасы : [karakol-mektebi@mail.kz](mailto:karakol-mektebi@mail.kz)

Білім беру құқығының лицензиясы : 2020 жылғы 8 қазан:

Тіркеу туралы куәлігі : 2021 жыл 13 қаңтар БСН № 020140003477

Мекеме Жарғысы-ҚР Әділет Министрінің 2021 ж 13 қаңтарда қайта өзгертулер мен толықтырулар енгізілген.

« Қаракөл бастауыш мектебі » мемлекеттік мекемесі- жалпы білім беретін мектеп Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімінің 2016 жылғы 29 тамыздағы №189 шешіміне сәйкес, Қаракөл негізі мектебінен қайта ұйымдастырылған. Мектеп 1990 жылы салынған бір қатарлы бейімделген ғимаратта орналасқан. Жобалық қуаты 20 оқушыға арналған. 2022-2023 оқу жылы 11 оқушы білім алды. Мектеп шағын жинақталған бастауыш мектеп болып табылады. Класс комплекті саны-1, мектептегі оқушылардың толымдылығы-3 баладан келеді. Мектептің оқыту тілі-қазақ, оқушылар бір ауысымда оқиды. Мектепте мектепалды даярлық тобы бар.

Мектептің білім беру қызметі ҚР « Білім туралы » Заңына, ҚР жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР Білім және Ғылым министрінің нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР білім беру қызметін ұйымдастыру Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектеп ғимаратының түрі: бейімделген.

Жалпы көлемі: 234,3 ш.м

Оқу тілі: қазақша.

Әкімшілік штат бойынша мектеп меңгеушісі-1, тәрбиеші-1 мұғалім саны-3.

### Педагогикалық байқаулар

мұғалім	байқау	мерзімі	нәтижесі
Бюрина А.Х	1.Облыстық педагогикалық олимпиада	2022ж 2023ж	2-орын 3-орын
	2. «Үздік сабақ жоспары» облыстық	2021ж	3-орын
	3. Мұғалімдердің Республикалық олимпиадасы технология бойынша	2023ж	2-орын
Егізова Ж.Д	1.Облыстық педагогикалық олимпиада	2022ж 2021ж	2-орын 2-орын
	2. облыстық байқау «Дарынды оқушы-талантты мұғалім»	2022ж	3-орын
	3. «Ыбырай шығармаларын оқытудағы үздік әдістемесі» облыстық байқау	2022ж	1-орын.
Батырханқызы А.	Педагогикалық олимпиада	2022ж	сертификат

### Оқушылар жетістіктері

№	Байқаулар ,олимпиада жарыстар	Оқушы саны	нәтижесі
	Ақбота	6	4
	Кенгуру	3	3
	Зерде.ғылыми жоба	1	1
	олимпиада	3	3

## Жалпыға бірдей міндетті білім беру стандартының орындалуы.

### ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- ✓ Мектепалды даярлық сыныптарына арналған Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларын өзгерту
- ✓ Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 34 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 35 оқу аптасын құрайды Анықтама: Бір күнтізбелік жылда: демалыс күндері-117 демалыс және мереке күндері - 75 күн оқу күндері-173 Мектептерде білім алушылар үшін демалыс күндерінің жиыны-192 күн
- ✓ 1 сыныптар үшін Үлгілік оқу жоспарындағы өзгерістер: - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері, - қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде – «Букварь», «Обучение грамоте» және «Қазақ тілі» пәндері оқытылады
- ✓ «Көркем еңбек» пәні 1-2сыныпта екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»
- ✓ Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру
- ✓ Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру
- ✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу бағдарламаларын бейімдеу
- ✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету
- ✓ Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу (4, 9 сыныптар)
- ✓ Халықаралық пәндік олимпиада жеңімпаздары мен олардың педагогтеріне бір реттік ақшалай сыйақы беріледі
- ✓ Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру
- ✓ Балалар жылына арналған іс-шараларды өткізу
- ✓ «Оқуға құштар мектеп», «Дебат қозғалыстары», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр» «Жылыжайлар» және т.б. жобаларын іске асыру б
- ✓ «Мектеп-ата-ана консилиумы» мектеп-ата-ана қарым-қатынасының жаңа форматын енгізу
- ✓ Ертеден кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу
- ✓ «Кәсіби бағдарлаушы педагогі» лауазымын енгізу
- ✓ Жан басына шаққандағы қаржыландыру механизмін жүзеге асыру
- ✓ Педагогтерді жұмысқа қабылдаудың жаңа ережелерін енгізу
- ✓ Аймақтарға үздік педагогтерді тартудың арнайы бағдарламасын енгізу
- ✓ «Тірек мектебі – магнитті мектептер» кешені», «Виртуалды мектеп»,

## ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

### Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);
- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);
- «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;
- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау - өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);
- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);
- «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы);
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);
- «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы);
- «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы); 9

Семинар, конференцияларға қатысу, баяндама, баспа

мұғалім	Тақырыбы, түрі, деңгейі,
<p>Бюрина Ақсұлу Хайроллақызы</p>	<p>«Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу- мектеп практикасын жаңарту қажеттілігі» облыстық семинар практикум. Ақтөбе облыстық ғыл. тәж. орталық. 2022ж                      «Жаңартылған білім мазмұны бойынша 4-класстағы оқу бағдарламасының ерекшелігі» . Республикалық жалпы білім беретін мектептердегі 4-класс мұғалімдеріне арналған семинар. 2021ж                      «1-4 сыныпқа арналған математикадан логикалық тапсырмалар» (авторлық бағдарлама) 2021 жыл.                      «Бастауыш сынып математикасын оқытуда базалық құндылықтарды қалыптастыру.» облыстық семинар-практикум. 2022 жыл 22 сәуір.</p>
<p>Егізова Жаңылдық Далабайқызы</p>	<p>«1-4 сыныпқа арналған математикадан логикалық тапсырмалар» (авторлық бағдарлама) 2021 жыл.                      «Тиімді әдіс- тәсілдер- сапалы сабақ кепілі » аудандық семинар 2023ж</p>
<p>Батырханқызы А</p>	<p>« Оқу сауаттылығын арттырудың белсенді әдіс-тәсілдері» аудандық семинар. 2023ж</p>



– «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы); – «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы);

– «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы);

– «Жеңімпаздар, жүлдегерлер және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен марапатталатын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 333 бұйрығы);

– «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым № 292 бұйрығы).

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің  
міндетін атқарушы 2023 жылғы 18  
тамыздағы

№ 264 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №  
500 бұйрығына 1-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім  
берудің үлгілік оқу жоспары Қарақол бастауыш мектебі  
КММ.2022-2023 оқу жылы

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	Б	3	4	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>								
	Тіл және әдебиет	6	9		11	1	37	1326
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	6	-	-	6	210
2	Қазақ тілі	-	4/2	4	4/2	4/2	12	432
3	Әдебиеттік оқу	-	3/1,5	3	3/1,5	3/1,5	9	324
4	Орыс тілі		2/1	2	2/1	2/1	6	216
5	Шетел тілі			2	2/1	2/1	4	144
	Математика және информатика	4,5	5		6	6	21,5	769,5
6	Математика	4/2	4/1	9	5/1,5	5/2	18	644
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1/0,5	1	1/0,5	1/0,5	3,5	125,5
	Жаратылыстану	1/0,5	1/0,5		2/1	2/1	6	215
8	Жаратылыстану	1/0,5	1/0,5	3	2/1	2/1	6	215
	Адам және қоғам	1	1		1	1	4	143
9	Дүниетану	1/0,5	1/0,5	1	1/0,5	1/0,5	4	143
	Технология және өнер	3	3		2	2	10	357
10	Музыка	1/0,5	1/0,5	1	1/0,5	10,5	4	143
11	Көркем еңбек			1	1/0,5	1/0,5	2	72
12	Еңбекке баулу	1/0,5	1/0,5	1			2	71
13	Бейнелеу өнері	1/0,5	1/0,5	1			2	71
	Дене шынықтыру	3/1,5	3/1,5	3	3/1,5	3/1,5	12	429
14	Дене шынықтыру	3/1,5	3/1,5		3/1,5	3/1,5	12	429
	Инварианттық оқу жүктемесі	18,5/14,5	22/11,5	37	25 /1 3	2 5 /1 3 5	90,5/	3239,5
<b>вариативтік компонент</b>								
	Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1/0,5	2/1	2	1/0,5	1/0,5	5	179
	Вариативтік оқу жүктемесі	1/0,5	2/1		1/1	1/0,5	5	179
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	19,5/15,5	24/12,5	39	26/14	26/14,5	95,5/	3418,5

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы);

– «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы);

– «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 11 қарашадағы № 559 бұйрығы);

– «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы);

– «Мамандандырылған Білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік Кеңес туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 1 шілдедегі № 428 бұйрығы);

– «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы);

– «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығымен енгізілген);

– «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

– «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы); 10

– «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы);

– «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығы);

2022-2023 оқу жылындағы ҚР - ның жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы нұсқау хатты негізге ала отырып пәнді оқытуда оқушылардың білімдерін одан әрі жетілдіре түсу мақсатында таңдау пәндері қосымша пайдаланылады.

**Курстың міндеті:**

-Курстың басты міндеті- оқушыларға білім жүйесінің негіздерін меңгерту, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін молайту.

-Зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру.

-Өзіндік жұмыс жағдаяттарын тиімді шешу.

**Күтілетін нәтиже:**

Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетімен жұмыстануға, дәлелдеуге, салыстыра отырып пікір айтуға, есте сақтауға, өз-өзіне сеніммен қарауға, жаңа шешімдерді іздей білетін тұлға қалыптастыру.

Сауатты оқуға, түсінуге, ажыратуға, салыстыруға алған білімін күнделікті өмірде қолдануға дағдыланады.

**Қаракөл бастауыш мектебі мұғалімдерінің  
жоспарланған вариативті сабақтар тізімі:**

**2022-2023 жыл**

Қ/с	Сабақ тақырыбы	Класы	Сағат саны	Мұғалімнің аты-жөні
1	«Математика және логика»	1-2	1/0,5	Егізова Ж.Д
2	«Математика және логика»	3-4	1/0,5	Бюрина А.Х

Мектеп меңгерушісі :



Бюрина А.Х

**Қаракөл бастауыш мектебінің мектепалды даярлық тобының оқу іс-әрекетінің оқу жұмыс жоспары**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет/Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізілу жиілігі	Аптадағы жүктеме	нормативтік
1	Дене шынықтыру	Күн сайын	3 сағат	
2	Сөйлеуді дамыту		2	
	Көркем әдебиет		2	
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	Күн сайын		
	Қазақ тілі	Күн сайын	2	
3	Сауат ашу негіздері		3	
	Қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет	Күн сайын		
4	Математика негіздері		3	
	Танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет,	Күн сайын		
5	Қоршаған ортамен танысу		2	
	Қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті			
6	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру		1	
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет	Күн сайын		
	Музыка	Күн сайын	2	
	ҰОІӘ жалпы көлемі		20 сағат.	

Мектеп меңгерушісі:



А.Х.Бюрина

## Вариативтік компоненті

### Түсінік хат

#### 1-4 класс

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» пәнінің негізгі мақсаты – білім алушылардың логикалық ойлауын дамыту арқылы математикалық білім негіздерін қалыптастыру. Бастауыш білім- жалпы орта білім алудың негізгі базасы. Тек өздігінен оқи алғанда ғана оқушы білімді мақсатты және нәтижелі түрде игеретіні анық. Ол үшін оқушы оқу еңбегінің дағдысы мен икемділігін қалыптастыру керек. Кейбір оқушылар күрделі мәселелер шешімін оңай тауып, ал кейбіреулері күнделікті жәй тапсырмалардың шешуін таппай тығырыққа тіреліп жатады. Оқушылар ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны меңгеру технологиясын игеруі қажет. Бұл үшін **"Математика және логика"** атты дамыту курсының тигізер көмегі зор.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) басшылыққа ала отырып, 1-4 кластарда танымдық қабылеттерін логикалық ойлау тұрғысынан жан- жақты дамыта білім беру мақсатында **"Математика және логика"** тақырыбымен элективтік курс бағдарламасы дайындалды.

Бұл бағдарламада тапсырмалар мазмұны жағынан бір-біріне ұқсамайды. Әр сабақ сайын қиындайды, көлемі үлкейіп, күрделенеді, сөйтіп балалар жалықпай, тапсырманы орындау жылдамдығы артады. Тапсырма баға қоюға бағытталмаған, керісінше, оқыту мен дамытуды көздейді. Сол себепті логикалық тапсырмалар, жеке тұлғаның өзіндік ойлау қабілетін дамыту мен қалыптастыру болып табылады. Бұл - көңіл бөлу, елестету, есте сақтау мен ойлау. "Бүгін және әрқашан өзің үшін жаса!" -міне, математика және логика курсының негізгі тақырыбы. "Математика және логика" курсы ойлау, талдау, жинақтау, салыстыру, жүйелеу, шектеу, жіктеу, мойындамау (терістеу), сұрыптау, ой тұжырымы, есте сақтау, зейінді дамыту секілді тапсырмалармен қамтылған.

**Вариативтік оқытудың негізгі мақсаты** - оқушылардың жалпы білім беру бағдарламасындағы жекелеген пәндерді тереңдетіп оқу мүмкіндігін туғызу.

Оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде оқушы шығармашылығын дамытудың қажеттілігі қоғам талабынан туындайды. Оқытудың вариативтік негізінде құрастырылған таңдау курсы бастауыш сынып оқушыларына арналған. 1-4 сыныптарда "Математика және логика" курс бағдарлама үлгісі 1-сынып аптасына 1-сағат, жылына 35 сағат, 2- 4 сыныпта аптасына 1 - сағат, жылына 36 сағат жүктеме берілген. Негізгі оқу материалдарын үлгіге ала отырып, оқушылардың алған білім, білік, дағдыларын және пәнге деген қызығушылығын арттырады.

**2022-2023 оқу жылының кластар бойынша білім сапаларының көрсеткіштері**

кластар	2022-2023 оқу жылы	Білім сапасы %	үлгерімі
2	1	100	100
3	2	50	100
4	2	100	100

**Оқушылар контингенті**

класс	2021-2022	2022-2023
<b>Мектепалды даярлық</b>	3	3
1	3	3
2	2	1
3	2	2
4	3	2

***Дарынды балалармен жүргізілген жұмыстар туралы мәлімет***

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында мемлекет саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуальдық дамуы және адамның дарындылығын таныту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отыр. Соған байланысты мектепте дарынды балаларды дамыту мақсатында жұмыстар жүргізілді. Дарынды оқушылармен жұмыс жоспары оқу жылына жасалып, бекітілді. Мектепте қазіргі қоғамның талабына сай оқушыларды ғылыми ізденіске баулу, дарындылығын дамыту және танымдық әрекетін қалыптастыру «Дарын» ғылыми қоғам ұйымдастырылды.

**Жалпы мектепте оқушылардың интеллектуальдық ойындарға, байқауларға, олимпиадаларға қатысуы**

2022-2023 оқу жылында 4 сынып оқушысы Құмар Аймұрат «Зерде» ғылыми жобасына қатысып, «Құрттың жасалу жолдары мен пайдасы» тақырыбында 3 орынмен марапатталды.

«Ақбота» республикалық интеллектуальдық ойыныны 1-4 сынып тар қатысып, 2-сынып оқушылары Айса Салтанат 1-орын, Шынтас Нұрымжан 2-орын, Жолдыбайқызы Қаракөз 2-орынға ие болды.

«Білімгер» атты логикалық байқауынан 1 сынып оқушысы Айса Салтанат 1-Дәрежелі Дипломмен марапатталды. Пәндік олимпиададан Жолдыбайқызы Қаракөз 1-орын иегері атанды.

**Ақпараттық ресурстар және кітапхана қорлары**

	2022-2023
Оқушы саны	11
Компьютерлік техниканың саны	9
Интернет желісіне қосылған қосылуы	қосылған

**Кітапхана қоры**

Кітап қоры	2022-2023 оқу жылы
Барлық қор	1724
Оның ішінде оқулық	877
Көрнеу әдебиет	847

**Қаракөл бастауыш мектебінің әлеуметтік төлқұжаты**

Мәлімет	2022-2023ж
Жалпы оқушылар саны,оның ішінде қыз балалар	11
Ұл балалар	3
Оралман оқушы	8
Көп балалы отбасы	-
Аз қамтылған отбасы	1
Сәтсіз жануа	3
Толық емес жануа	-
Мүгедек бала	-
сыныптар	4

Өзін-өзі бағалау комиссиясының мүшелері:

Бюрина А.Х-мектеп басшысы, комиссия төрайымы-

Мүшелері-Егізова Ж.Д-бастауыш сынып мұғалімі.

Батырханқызы А-мектеп тәрбиешісі.

Мектеп меңгерушісі: **А.Х.Бюрина**





«Кенгуру» сайысына қатысып 3-4 сынып оқушылары жүлделі орындарға ие болды. Мектепалды даярлық оқушылары «Білімгер» атты логикалық байқауға қатысып 1-орын алды.

#### **Тәрбие жұмысы**

##### **Қаракөл бастауыш мектебінің тәрбие жұмысының мақсаты:**

Оқушылардың тәртіпті, саналы болып өсуіне, елін құрметтеуге тәрбиелеу. Еліміздің тарихи құндылықтарын бағалауға, Отанды сүюге, Отанды қорғау азаматтық борыш екенін ұғындыру. 2022-2023 оқу жылында қыркүйекте жылдық тәрбие жұмыс жоспары жасалды. Қазан айында «Ұстаздар күніне» «орай іс-шара ұйымдастырылды. Қараша айында оқушылардың күнделіктері тексеру қадағаланды. Қаңтарда өткен бірлестік отырысында «Ұлтын сүйетін ұрпақ тәрбиелеу басты -парыз» атты баяндама оқылды. Ақпанда «Бала әр ата-ананың болашағы, өмірімің жалғасы» атты байқау ұйымдастырылды. Сәуірде өткізілген бірлестік отырысында «Баланы құқықтары туралы» жиналыс өткізілді. Мамырда өткізілген бірлестік отырысында жыл бойғы жұмыстарды талдап, қорытындылау және сынып жетекшілердің есебі тыңдалды.

##### **Оқу-материалдық активтер**

1. бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беретін ұйымдардың пайдалы оқу, жеке менші және жалға алған аумақтарының санитарлық нормаға, өрт қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі:

Бастауыш білім беретін ұйымның пайдалы оқу аумағы-квадрат метр санитарлық нормаға, өрт қауіпсіздік талаптарына сәйкес.

Мектеп ғимараты ескі үлгіде болғандықтан, спорт зал жоқ. Мектепте технология, шеберхана кабинеттері жоқ.

### Өзін-өзі бағалау жұмыстарының мақсаты мен міндеттері

#### Мақсаты:

Білім беру мекемесінде білім беру стандартына сай оқу-тәрбие жұмыстың ұйымдастырылуы, нормативтік-құқықтық құжаттардың жатқайы, жүргізілуі.

#### Міндеттері:

- Оқу-тәрбие үдерісі жатқайы мен оның нәтижесіне сәйкес мектептің жұмыс жүйесін нақтылау.
- Оқу-тәрбие үдерісіндегі жұмыстарды анықтау және оларды дамыту жолдарын қарастыру.
- Педагогикалық үдерісті, оқушылардың тәрбиелік деңгейінің, педагогикалық ұжымдағы ақуалдың толық көрінісін жасау.